

ҚАЗАҚСТАН ТЕМІРЖОЛШЫСЫ!

РЕСПУБЛИКАНСКАЯ ТРАНСПОРТНО-ЛОГИСТИЧЕСКАЯ ГАЗЕТА
ИЗДАЕТСЯ С 12 МАЯ 1931 ГОДА

№94 (2477) 04/10/2019

ЖЕЛЕЗНОДОРОЖНИК КАЗАХСТАНА

railnews.kz

Подписывайтесь на telegram-канал АО «НК «КТЖ» – @railways.kz / «КТЖ» ҰК» АҚ – @railways.kz telegram-каналына жазылыңыз

ЦИТАТА ДНЯ

Канат АЛЬМАГАМБЕТОВ,
исполняющий обязанности
первого заместителя
председателя правления
АО «НК «КТЖ»:

«СЕГОДНЯ
КЛИЕНТАМ
ВАЖНА НЕ
ТОЛЬКО КОНКУ-
РЕНТОСПОСОБ-
НАЯ СТОИМОСТЬ
ПЕРЕВОЗКИ, НО И
СОХРАННОСТЬ ГРУ-
ЗА. ПОЭТОМУ СОВ-
МЕСТНЫЙ ПРОЕКТ
РОССИИ, КАЗАХ-
СТАНА И БЕЛАРУСИ
– «ОХРАННЫЙ
ПОЕЗД», НАПРАВ-
ЛЕН В ПЕРВУЮ ОЧЕ-
РЕДЬ НА ТО, ЧТОБЫ
УДОВЛЕТВОРИТЬ
ПОТРЕБНОСТИ
ПОЛЬЗОВАТЕЛЕЙ
УСЛУГ ЖЕЛЕЗНОДО-
РОЖНОГО
ТРАНСПОРТА»

АКЦИЯ

ВETERAN ЖИВЕТ РЯДОМ



Накануне Международного дня пожилых людей АО «НК «КТЖ» совместно с отраслевым профсоюзом при поддержке АО «ОТЛК ЕРА» организовало акцию «Ветеран живет рядом».

Молодые сотрудники компании навестили 50 ветеранов железнодорожников в городе Нур-Султан, подарили им продуктовые корзины, пожелали крепкого здоровья и долголетия. Несколькими днями ранее для пенсионеров была проведена экскурсия на железнодорожный вокзальный комплекс «Нұрлы жол».

– Одной из добрых традиций в КТЖ является забота о ветеранах. Активное участие в этом принимает наша молодежь. В Коллективном договоре компании для пенсионеров, состоящих на учете в АО «НК «КТЖ», предусмотрен ряд льгот и социальных гарантий, – отметил главный менеджер департамента по управлению человеческими ресурсами АО «НК «КТЖ» Замир Сериков.

Пенсионеры отрасли с большой благодарностью встретили своих преемников, вспомнили случаи из своей трудовой деятельности и дали советы молодым железнодорожникам.

– Я более 40 лет проработала на магистрали. Занимала должность начальника сметного отдела управления и капитального строительства тогда еще Целинной железной дороги. Нам, ветеранам, проработавшим не один десяток лет в отрасли, греет душу такое внимание со стороны руководства компании и профсоюза, – подчеркнула заместитель председателя узлового Совета ветеранов Саня Абдрахманова.

Аналогичные акции, чаепития и концерты для пенсионеров-железнодорожников прошли во всех подразделениях и дочерних организациях компании.

Асель ШАЙХЫНОВА
Фото автора

КЕЛЕЛІ КЕҢЕС



ЛОКОМОТИВТЕР СЕҢІМДІЛІГІН АРТТЫРУ ТЕТІКТЕРІ СӨЗ БОЛДЫ

Кеше «КТЖ» ҰК» АҚ Басқарма төрағасының бірінші орынбасары Қанат Әлмағамбетовтің төрағалық етуімен «КТЖ-Жүк тасымалы» АҚ локомотивтерінің сенімділік көрсеткіштерін арттыру тақырыбына арналған конференция өз жұмысын бастады. Алдымен шараға қатысушы делегацияларға Астана локомотив жөндеу депосының цехтарына экскурсия ұйымдастырылды.

Сұлғұл БАКЕСОВА

«КТЖ» ҰК» АҚ орталық аппараты жетекшілерінің, қозғалыс қауіпсіздігі жөніндегі ревизорлардың, ел өңірлеріндегі локомотив пайдалану деполарының, «ЛҚЗ», «ЭҚЗ» АҚ мен «Қамкор Локомотив» ЖШС және оның филиалдарының, Транспортный Глоубл Эл Эл СИ, Астана Дивизия Сервис, Alstom Kazakhstan, өзге де локомотив жөндеу деполарының өкілдері қатысқан конференцияда алғашқы сөз кезегін алған Қанат Әлмағамбетов бүгінгі конференцияның мақсаты – локомотивтердің сенімділік көрсеткіштерін, локомотивтерді жөндеу, сервистік қызмет көрсету қызметтерінің сапасын арттыруға байланысты өзекті мәселелер мен проблемаларды практикалық тұрғыдан талқылау, жинақталған мәселелерді шешу жолдарын қарастыру екенін жеткізді.

– Локомотив кешеніндегі қозғалыс қауіпсіздігі жағдайына келсек, биылғы 9 ай жұмысының қорытындысы өткен жылмен салыстырғанда қозғалыс қауіпсіздігін бұзу оқиғасының саны 20%-ке дейін өскенін байқауға болады. Және де локомотив кешені бойынша қозғалыс қауіпсіздігіне нұқсан келтірген оқиғаларды талдай келгенде, басым бөлігі жөндеу және сервистік кәсіпорындар еңшісіне тиесілі болып отыр, – деген Қанат Есмұханұлы локомотив

паркінің техникалық сенімділігінің жоғары деңгейінің қамтамасыз етілуінен пойыздардың қатынау кестесінің нақты орындалуы, қозғалыс қауіпсіздігі, теміржол көлігінің жұмыс тиімділігі байланысты болатынын атап өтті.

Ал «КТЖ-Жүк тасымалы» АҚ-ның локомотив шаруашылығы департаменті алға тартқан дерекке сүйенсек, үстіміздегі жылдың үш тоқсанында локомотивтерге күрделі жөндеу жүргізу және техникалық қызмет көрсету бойынша бағдарлама 95% орындалған. Бүгінде КТЖ қарамағында жаңа сериялы локомотивтерді қосқанда, 1500-ден астам локомотив бар екен. Ал оларға жөндеу мен қызмет көрсету жұмыстарын, сондай-ақ, қажетті жинақтаушы қордын болуымен жеке меншіктегі сервистік ұйымдар қамтамасыз етеді.

«КТЖ-Жүк тасымалы» АҚ локомотив шаруашылығы департаментінің бастышы Мақсұт Ибраев: «Тартымдық жылжымалы құрамның техникалық жағдайын жақсартуға айрықша көңіл бөлінуде. Десе де, техниканың тиісті уақыт мерзіміне дейін істен шықпай, жұмыс істеп тұру деңгейіне қол жеткізе алмай отырмыз. Локомотивтердің істен шығуы көп жағдайда құрылымның жетілдірілуінен, жөндеудің технологиялық процесінің бұзылуынан, қажетті жинақтаушы қордың жоқтығынан, жекеменшіктік жөндеу базаларындағы

персоналдардың біліктілігінің жеткіліксіздігінен болып жатады», – дей келе локомотивтерді қабылдап алушылар блогы мен бас инженерлердің жұмысы да сын көзімен қарап отырып жеткізді.

Сөз орайы келгенде, пайдалану деполарының локомотивтерді қабылдап алушылардың және ПГОЛ телімі бастықтарының білімдерін жүйелі түрде арттыру үшін «КТЖ» ҰК» АҚ филиалы – «Теміржол көлігі персоналды дамыту және бағалау орталығы» базасында біліктілікті арттырудың арнайы бағдарламасы әзірленгенін атап өтер едік.

Локомотив жөндеу деполарының жетекшілері өз кезегінде тартымдық жылжымалы құрамдарға көрсетілетін қызметтер кезінде кездесетін қиындық-кедергілермен бөлісіп, оны бірлесіп шешу жолдарын осы жерде қарастыруды ұсынды. Сонымен қатар жыныға

қатысушылар пойыздардың қозғалыс қауіпсіздігінің жағдайын әрмен қарай жақсарту үшін адам факторының ықпалын төмендетіп, командалық-инженерлік құрам мен локомотив бригадаларының, жөндеу кәсіпорындары мамандарының жауапкершілігін мақсатты тәрбиелік-профилактикалық жұмыс жүргізу арқылы арттыру керек деген пікірге тоқтасы. Ал тасымалдау процесін қамтамасыз ету және локомотивтердің техникалық жай-күйін жақсарту үшін жеке жөндеу кәсіпорындарына жөндеудің және қызмет көрсетудің барлық түрлерінің мерзімдері мен технологияларын нақты сақтау, жинақтаушылардың ауыспалы қорының болуын қамтамасыз ету ұсынылды.

Суретті түсірген
Александр ЖАБЧУК



ДАЙЫНДЫҚ

ҚЫСҚА ҚАМДАНЫС ҚАЛАЙ?

«КТЖ» ҰК» АҚ филиалдары қатарында Магистральдық желі дирекциясы да шаруашылықтарын қатал маусымда жұмыс істеуге дайындауда. Теміржолшылар өз жұмысында Компания басшылығының 2019-2020 жылдың қыс мезгіліне дайындық шаралары түзілген жоспарын негізге алған.

Ислам ТАЛІПАТ

Дирекцияда биыл алғаш рет қыс маусымында жұмыс істеуге кіріскелі отырған жаңа мамандарға айрықша көңіл бөлінген. Биыл жұмысқа тұрған 1 377 «алғашқы қыстаушы» тәжірибелі жұмысшылар жанына бекітілген және оларға қатал маусымдағы жұмыс ерекшеліктерін таныстырған техникалық сабақтар өткізіліпті.

– Барлық «алғашқы қыстаушылар» меңгерген мамандықтарының ерекшеліктеріне қатысты білім деңгейін сарптаған кешенді емтихан тапсырды. Осылайша, олар өндірістік жарақаттанудың алдын алу және электр қауіпсіздігі бойынша сұрақтарға жауап берді, – дейді Дирекцияның техникалық

даму департаментінің директоры Маратбек Мырзағұлов.

Оның айтуынша, ғимараттардың да техникалық жай-күйі қаралауда. Бүгінде 1766 нысанға және 87 қазандыққа ағымдық жөндеу жұмыстары жүргізіліп, 16,5 км жылу трассасы тексерілген. Сондай-ақ, 93 вокзал ғимаратында жылыту және жуып тазарту жұмыстары жүргізіліпті.

Қыс маусымына әзірлік барысында, әрине магистральдық темір жол желілерін қар басып қалмай, пойыздардың қалтқысыз қызметі қамтамасыз етілуіне ерекше назар аударылуда. Бұл бағытта атқарылған шаруалар қатарында, мысалы, биыл 126 шақырымдық қар тоқтату қоршауларына ағымдық жөндеу жүргізіліп,

жарамсыздары жаңасымен алмастырылған. Үскірік аязы мен қарлы бораны қатар жүретін маусымда жолды тазалауға адамдармен қатар техникалардың жұмылдырылатынын ескерсек, онда бұл бағытта да дирекция шаруашылықтарының қамсыз қалмағанын байқаймыз. Айталық, 293 бірлік қар жинайтын және қар тазалайтын техниканың қатал мезгілде тоқтасуы жұмыс істеуі мамандар тарапынан бақылауға алынып, тиісті деңгейде тексерістен өтіп, сақадай сай тұр. Тіпті, техникалардың үздіксіз және кедергісіз жұмыс істеуі үшін 3 миллион литрден астам жанар-жағармай материалдарын сатып алу жоспарланып, осы мақсатта «Petro Retail» ЖШС-мен сатып алулар туралы шарт жасасқан.

Жылдың қай мезгілінде болмасын, теміржол саласында еңбек қорғау және қауіпсіздік талаптарын сақтау басты мәселе болып қала бермек. Осы ретте, жұмысшыларға қажетті қысқы киім және аяқ киімдер тапсырысының орындалуы да оң жолға қойылған. Олай дейтініміз, төменгі температурада киетін «Норд» костюмдері, құлақшындыр, пималар, жылы етіктер, қысқа тондар, қолғаптар сияқты тағысын тағы қысқы киімдер мен аяқ-киімдер толық жеткізіліпті. Десе де, қыс маусымына дайындық бойынша барлық қажетті шаралардың ағымдағы айдың 15-не дейін жүргізілетінін еске салып өткен жөн болар.

НОВОСТИ

ПОВЫСИТЬ УРОВЕНЬ ВЗАИМОДЕЙСТВИЯ

Участники казахстанско-российской Рабочей группы обсудили вопросы роста объемов железнодорожных перевозок. Так, в городе Санкт-Петербург состоялось шестое заседание Совместной рабочей группы АО «НК «Қазақстан темір жолы» и ОАО «Российские железные дороги» по стратегическому сотрудничеству.

Казахстанскую сторону возглавил первый заместитель председателя правления АО «НК «КТЖ» Канат Альмағамбетов, российский – заместитель генерального директора ОАО «РЖД» Андрей Старков.

На заседании обсуждены вопросы дальнейшего развития сотрудничества в сфере железнодорожных грузовых перевозок. Стороны подтвердили необходимость увеличения объемов перевозок, сокращения оборота вагонов, совершенствования информационного обмена, взаимодействия на пограничных участках, а также заключения договора за оказание услуг по использованию инфраструктуры АО «НК «КТЖ», расположенной на территории Алтайского края и Оренбургской области.

По итогам заседания подписан соответствующий Протокол. В рамках заседания делегация АО «НК «КТЖ» посетила станцию Лужская и порт Усть-Луга, а также центры управления перевозками и содержания инфраструктуры Октябрьской железной дороги ОАО «РЖД».

Сельное заседание Совместной рабочей группы планируется провести в четвертом квартале 2019 года в Казахстане.

Жаныбек КЕНЕС

ПРИЕМНАЯ НА ВОКЗАЛЕ

Акция мобильного приема граждан «Приемная на вокзале» прошла в рамках республиканской широкомасштабной акции правоохранительных органов «Нулевая терпимость».



Баннер с надписью «Приемная на вокзале» был установлен в центре главного зала вокзала, на его фоне расположились Уральский транспортный прокурор, советник юстиции Тимур Шуленбаев, представитель филиала НДП «Нұр Отан» Касым Шайхиев, начальник линейного отдела полиции на станции Уральск, подполковник полиции Кайрат Жакиянов, старший прокурор регионального транспортного управления Шахзада Аликбекова, другие сотрудники иных служб и железнодорожных организаций.

В течение двух часов кипела работа приемной на вокзале. Гражданин, пользующихся услугами железнодорожного транспорта, интересовали вопросы порядка приобретения проездных билетов на поезда, пересечения государственной границы Казахстана, а также правил пребывания за пределами государства. За разъяснением миграционного законодательства РК обращались и граждане иностранных государств.

В ходе проведенной акции на приеме побывали 38 граждан, которым максимально была оказана консультативная помощь. По вопросам, не входящим в компетенцию правоохранительных органов, гражданам было рекомендовано обратиться в соответствующие инстанции.

Яна ЛЕНИНА, Уральск
Фото автора

ЦИФРА НОМЕРА

107,5 млн тонн

УГЛЯ ПЛАНИРУЕТСЯ ПЕРЕВЕЗТИ ПО ИТОГАМ 2019 ГОДА

АҚПАРАТ

ҚОРШАУЛАР ҚОЛДЫ БОЛҒАН

Теміржол маңайында адам қағып кету, мал басы фактілері аздай, қауіпсіздікті қамтамасыз етіп тұрған қоршауларды қолды ету де тыйыммай тұр. Шымкент жол дистанциясы бойынша жыл басынан бері 6 ұрлық фактісі тіркеліпті.

Жыл басынан бері машинистер 94 ескерту, тамыз айында 7 ескерту жасаған. Негізгі себеп – қараусыз қалған ірі қара малдың темір жолға шығып кетуі. Ал малдың жолға шығып кетуінің бір себебі қоршаулардың жоқтығы екен.

Ал шын мәнінде ол жерлерде қоршау болған, бірақ көбісі қолды болған. Бір ғана қаңтар айында қоршау 4 рет ұрланыпты. Атап айтқанда, ең қауіпті деген атышулы Шымкент-Қызылсай өткеліндегі 3297-3296 шақырымда 4 дана панель қоршау қолды болған. Олардың жалпы құны 221 457,14 теңгені құрайды. Бұл туралы жолшылар, әрине, дер кезінде ішкі істер бөлімін құлағдар еткен, бірақ қолды болған қоршауларды қайта-қайта жаңарта беретін теміржолдың қаржысы қайда? Онсыз да үлкен шығынға батып отыр.

Екінші ұрлық, тағы сол Шымкент-Қызылсай өткеліндегі 3298,3300 шақырымында орын алып, 209 914,50 теңгені құрайтын 6 дана шарбақ қолды болған. Сондай-ақ, суық қолдар осы Шымкент-Қызылсай өткелінің 3294,395,3293 шақырымында 572 016,56 теңге тұратын 12 дана қоршаудың шарбағын да қымқырған. Бұдан бөлек, Арыс-2 – Қалаш 3216 км, 1 пикетте ЖД12М жол гидравликалық домқраттың 2 данасы қолды болыпты. Ұрланған заттардың сомасы 43793, 76 теңгені құрайды.

Ақпан айында да Шымкент-Қызылсай өткеліндегі 3291 км 5 пикетте 73 457,53 теңге тұратын тағы 2 дана қоршау ұрланған. Ал маусым айында Игілік-Қорғасын өткеліндегі 3274-3279 шақырымда ұрлықшы 83 640,14 теңгені 1541 таңбалы болт жинағын қолды қылған. Шымкент станциясы ЖПБ бұл ұрлықтың ізін сұтпай ашып, П. деген азамат ұсталып, қылмысы әшкере болған.

Осылайша, ұрлықтан тек теміржолшылар ғана емес, бүтін мемлекет, пойызда кетіп бара жатқан жолаушылар да зардап шегуі мүмкін екенін, басқа басқа, жол бойында өздерінің, бала-шағалары мен мал-жандарының қауіпсіздігі үшін орнатылған қоршауларды да қоймай жатқан ұры-қарылар ескере бермейтіні өте өкінішті.

Жан ПЕРДЕБЕК, Шымкент

ОТЫН ЖЕТКІЗУДЕ ШЫҒЫН АЗАЙДЫ

Батыс аймақтық жолаушылар вагонын жөндеу филиалы пойыздың қауіпсіз қозғалысын, қаржылық-экономикалық өсімді қамтамасыз етіп отыр. Мекемеде қысқы дайындықтан өту бойынша техникалық қызмет көрсету жоспары толық орындалған.

Батыс аймақтық жолаушылар вагонын жөндеу филиалының мамандары жаз айларында жолаушылар тасымалы артып, вагондар қосылғанын мәлімдеді. Мәселен, жоспар бойынша 31 295 вагонға техникалық қызмет көрсету қажет болса, оның 30 833-і тексеріліп, бақылауға алынған. Жұмыстар 99 пайызға орындалып тұр.


– Үшінші техникалық қызмет көрсету бойынша жұмыс жоспардан 158 вагонға асыра орындалды. Барлығы 462 вагон деп есептелгеннен 620 вагонға техникалық қызмет көрсетілді. Ал вагондарды қатты отынмен қамтамасыз ету үшін барлығы 8,5 мың тонна көмір қажет еді. Алайда соңғы жылдары шығын азайып, 7 тонна отын жеткізілді, – дейді Батыс аймақтық жолаушылар вагонын жөндеу филиалының директоры Теміржан Хусайнов.

Сондай-ақ, дизельді отынмен қамтамасыз ету жұмысы кезінде 2019 жылдың 1 наурызында №23/24 бағыттағы «Ақтөбе-Алматы» жолаушылар пойызының бір құрамы, №691/692 бағыттағы «Ақтөбе-Атырау» пойызының екі құрамы жоспарлы жөндеуге жіберілген екен. Ал «Ақтөбе-Астана» пойызы қысқартылып, №49/50 «Алматы-Орал» пойызы Белкөл станциясында дизельді отын құюды тоқтатқан.

Жолаушылар бағытының азаюы пойызды сумен қамтамасыз ету жұмысына әсерін тигізіп отыр. Мәселен, барлығы 7 айда 202 мыңнан астам вагонға қажетті су толтырылған. Халықаралық №5/6 бағыттағы «Ташкент-Мәскеу», №481/482 бағытындағы «Челяби-Ташкент», №17/18 «Бишкек-Мәскеу», №149/150 «Әндіжан-Мәскеу», №323/324 «Волгоград-Ташкент», №359/360 «Худжанд-Мәскеу», №319/320 «Мәскеу-Душанбе», №333/334 «Үшгеніш-Саратов», №647/648 «Нөкіс-Бейнеу» бағытында 16 900 вагон болуы тиіс еді. Алайда бар болғаны 13 896 вагон сумен қамтамасыз етілген. «Яғни, бұл бағыттағы қатынас азайып кетті. Сонымен қатар, №23/24 бағыттағы «Ақтөбе-Алматы», №33/34 «Ақтөбе-Алматы», №691/692 «Ақтөбе-Атырау» бағытында 14 мыңнан астам вагонға қызмет көрсетілді, бұл бағытта да вагондар саны қысқарды. «Сарыарқа Компани» ЖШС 3230 вагонға су толтыруға сұраныс берсе, нақты саны 3078 болды. Мұндай дерек «Жолаушылар тасымалы» АҚ-ның «Экспресс» филиалында да тіркелді», – дейді мекеме басшысы.

Мекемеде жоспар бойынша вагондарды жалға беру жұмысы да қалыпты. Компанияға 1,2 млн теңгеден аса кіріс кіргізген.

Ардақ ЕРҮБАЕВА, Ақтөбе



СТАНЦИЯ ТЫНЫСЫ

ЖАҚСЫНЫ КӨРМЕК ҮШІН...

Оңтүстік астанамыз ару Алматы мен маңғаз Маңғыстау арасына қатынайтын жолаушылар пойызының су жаңа вагондармен толыққаны түбек халқы үшін үлкен жаңалық болды. «Жаңа вагондар керемет екен, ішінде не қажеттің бәрі бар, жолаушыларға ұшақтағыдай жағдай жасалады» деп тамсанып жатыр оның игілігін көзбен көрген халық.



Шахидя ЖҰМАН, Маңғыстау

Әрине, бұрын-соңды мұндай инновациялық жаңа вагондар қатынап көрмеген Маңғыстау жұрты үшін бәрі

таңсық екені рас. Жолаушылардың бірі жаңа вагонда билет бағасы қымбат десе, енді бірі кестесі де өзгеріпті деп естігенін айтады. Сондықтан «жақсыны көрмек үшін» деген, мың естігеннен бір рет барып көзбен көру үшін және мәселенің

анық-қанығын білмек болып, «Жолаушылар тасымалы» АҚ Маңғыстау телімі бастығына хабарласқан едік.

– Бізге жаңа вагондар 8 қыркүйекте келді. Яғни, 9 қыркүйектен бастап жолға шықты. Алғашқы лекте келгені 8

плацкарт вагон, қазан айында тағы 8 плацкарт вагон аламыз деп отырмыз. Сонымен «Маңғыстау-Алматының» екі құрамындағы плацкарт-вагондар түгел жаңаратын болады. Осы жерде, халыққа айта кететін жайт, көпшілік жаңа пойыз шықты деп жүрген көрінеді. Пойыз емес, жаңа вагондар ғана қосылды. Пойыз сол бұрынғы, өзінің баяғы жолы, бұған дейінгі қалыптасқан кестесімен жүріп жатыр, – деп ақпар берді «Жолаушылар тасымалы» АҚ Маңғыстау телімінің бастығы Батыр Тілімбаев.

Отандық өндірістен шыққан Тальго типті вагондар шынында керемет, көздің жауын алады. Плацкартты вагондардың жобасы бұрынғы вагондардай, бірақ сервис мүлдем бөлек. Мұнда биодәретхана, кондиционер, қауіпсіздік үшін бейнебақылау, қалта телефонын қуаттауға арналған құрылғы бар және төсек-орын, есік-терезе, тұтқаларына дейін жаңа дизайнмен жасалған бұйымды да әдемі. Бейнебақылау арқылы жолсерік өз орнында отырып-ақ бүкіл вагондағы жағдайды бақылап отыруына мүмкіндік бар.

Телім басшысының айтуынша, барлық қолайлылық жасалған бұл вагондар қазір «Алматы – Маңғыстау» жолаушылар пойызының Бауыржан Дәрібаев пен Жасұлан Ержанов басқаратын бригадасына берілген. Ендігі келетін вагондар екінші құрамға қосылады. Сонда Маңғыстаудан Алматыға қатынайтын вагондар 28-ге жетеді екен.

Суретті түсірген автор

ТАСЫМАЛ

КОНТЕЙНЕРЛІК ПОЙЫЗДАР: ТӘУЛІКТІК ЖЫЛДАМДЫҚ АРТҚАН

Қызылорда ЖТ бөлімшесінен жыл басынан бергі тоғыз айда 747 контейнерлік пойыз өткізіліпті. Бүгінгі таңда контейнерлік пойыздардың басым бағыты Алтынкөл станциясынан жасақталып, алыс-жақын шет елдерге жөнелтілуде.

Сабырхан СЕЙІЛБЕКҰЛЫ, Қызылорда

Пойыздардың қозғалысы жайлы мәлімет ұсынған бөлімшенің шұғыл басқару бөлімінің бастығы Кенжебек Өтегенов жылжымалы құрамдарды бөлімше территориясынан кідіріссіз өткізу үшін барлық мүмкіндік жасалып отырғанын алға тартты. Бөлімшедегі барлық қозғалысты реттейтін жауапты маманның мәліметіне сүйенсек, тек қыркүйек айында бөлімшеден жүп және тақ бағытта 94 контейнерлік пойыз өткізіліп, пойыздардың 1109,44 км/сағатқа жоспарланған орташа тәуліктік жылдамдығы 1156,06 км/сағатқа жеткізілген. Нәтижесінде жеке 104,20 пайызға асыра орындалған. Ал өткен жылдың қыркүйек айында 76 пойыз, ал жылдың тоғыз айында 1566 контейнерлік құрамды өткізген қызылордалықтар өткен жылмен салыстырғанда құрамдардың азаюын пойыздардың



өзге бағытта ауыстырылуымен, есесіне орташа маршруттық жылдамдықтың артуымен түсіндіруде. – Қызылорда ЖТ бөлімшесінен өткен жылдың

тоғыз айында 1566 контейнерлік пойыздар өткізілсе, биылғы тоғыз айда 747 өткен. Олардың тоғыз айға бекітілген 1109,44 км/сағатқа межеленген орташа тәуліктік жылдамдығы 1156,06 км/сағатқа жеткізіліп, жоспар 104,20 пайызға артығымен орындалып отыр. Пойыздардың орташа тәуліктік маршрутының 1077 км/сағатқа белгіленген көрсеткіші маусым айынан бастап 1150 км/сағатқа өзгертілген болатын. Біздер пойыздарды телімдерден кідіріссіз өткізу үшін барлық мүмкіндіктерді қолданып, басқа маршруттарға ауысып бірнеше пойызды жоғалтқанмен, орташа тәуліктік жылдамдықтың өсуіне қол жеткіздік. Бөлімше теміржолшыларының еңбегінің нәтижесінде биылғы жылдың әр айына белгіленген контейнерлік пойыздардың орташа тәуліктік жылдамдық жоспарының көрсеткіштері 100,08 - 111,30 пайызға орындалуда, – деді бөлімшенің шұғыл басқару бөлімінің бастығы Кенжебек Өтегенов.

Достық станциясынан шет елдерге бағытталатын контейнерлік пойыздардың өзге бөлімшелермен өткізілуге бағытталуы аймақ телімдерінен жүргізілетін құрамдардың сиреуіне себеп болған. Қазіргі уақытта Қызылорда ЖТ бөлімшесінен Алтынкөл станциясында жасақталған контейнерлік құрамдар өткізіліп, олардың тәуліктік жүріс жылдамдығы еселеніп көбеюде екен. Бөлімше аумағынан белгіленген кесте бойынша өткізіліп, бекітілген станцияларда ғана аялдайтын контейнерлік пойыздар бөлімше аумағынан Түркістан-Сексеул, Сексеул-Түркістан, Сексеул-Қоскөл және Қоскөл-Сексеул учаскелерінен жүп және тақ бағытта жүргізілуде.

Суретті түсірген автор

ВАГОН ШАРУАШЫЛЫҒЫ

ДЕПОДАҒЫ ДАМЫЛСЫЗ ЕҢБЕК

«ҚТЖ-Жүк тасымалы» АҚ құрамына кіретін Жамбыл вагон пайдалану депосы ұжымының басым бөлігін, әрине, вагон қараушылар құрайды. Ұжымдағы 740 адамның 520-сы – вагон қараушы. Бір ауысымда 40-50 жүк пойызы мен 17-20 жолаушы пойызына техникалық қызмет көрсететін вагоншылар ұжымы өз міндеттерін үлкен жауапкершілікпен атқаруда.

Әсел ЖАЙНАҚОВА, Жамбыл

Деподағы дамылсыз еңбек ырғағымен соңғы екі жылда ұжымды басқарып отырған Марат Мырзахметов таныстырып өтті. Оның айтуынша, сонау 1924 жылы Әулие-Ата станциясындағы паровоз депосы құрамында вагон шеберханасы болып ұйымдастырылған екен. Кейінірек паровоз депосының құрамынан вагондарды жөндеу және техникалық қызмет көрсету бойынша дербес кәсіпорын ретінде бөлініп шыққан. Вагондар ол кезде тақтайлардан қағылған цехтарда жөнделіп, ашық аспан астында құрастырылыпты. Депода вагондарды жөндеудің жоспарын орындау үшін өндірістік алаңдар кеңейтіліп, қосымша арба цехы, автобақылау, қосалқы-дайындау бекеттері ашылды. Бертін келе депода 9 жөндеу позициясына вагон жинайтын жарық та

кең цехтар, автотіркегіш құрылғыны жөндеу бөлімшесі, АКП цехы, вагондарды жуу ғимараты, доңғалақ жұптарын жуу, доңғалақ-роликті және басқа да цехтар салынды.

Бүгінгі таңда 1148 км жол бойында жылжымалы құрамдардың қауіпсіздігіне жауап беретін №27 Жамбыл вагон пайдалану депосының Тараз, Луговой, Қаратау, Жаңатас, Шу, Сарышаған станцияларында орналасқан 6 негізгі техникалық қызмет көрсету пункті (ТҚП) бар. Бұдан басқа, вагондарға техникалық қызмет көрсетудің барлық пункттері, сондай-ақ Боранды, Ақшолоқ, Қияқты, Мыңарал станцияларында орналасқан бақылау бекеттерінің де атқару өз функциялары бар. Сонымен бірге Боранды, Куркүреу-су, Шақпақ, Ақшолоқ, Ақыртөбе, Төтті, Қорағаты, Жиделі, Хантау, Қарасай, Қияқты, Қашқан теңіз, Мыңарал, Көктем, Қаражыңғыл, Бел, Еспе, Шоқпар сынды бақылау



бекеттері де мінсіз қызмет етуде. Шығанақ станциясының бақылау бекеті жолаушылар пойызының доңғалақ жұптарын ауыстырумен де айналысады.

– Депода 6 негізгі техникалық қызмет көрсету пункті, 2 вагон дайындау пункті, 19 бақылау бекеті, ағымдағы ағыту жөндеуінің 2 пункті, 1 АКП, 1 механикалық цех, 1 қазандық, 1 компрессорлық, жолаушылар вагондарының доңғалақ жұптарын ауыстыру үшін мамандандырылған тұйықтары бар. Тұйықтар ККТ-5 крандарымен, электродомкраттармен, қажетті тетіктермен және құрылғылармен жабдықталған, – деді Марат Мырзахметов.

Депонның бас инженері, теміржол саласында отыз жылға жуық еңбек өтілі бар Сағидолла Абиев депосының техникалық қызмет көрсету пунктімен таныстырып, техникалық байқау, ағымдағы ағыту және ағытпай

жөндеу, вагондарды тиеуге дайындау, жөндеудің жоспарлы түрлерінен жүк вагондарын қабылдау, вагондарды техникалық беру пункттерінде қабылдау-беру операцияларының қалай аптқарылатынын егжей-тегжейлі түсіндірді. Қандай да бір ақау шыққан вагон кездессе, пойызды кестесінен кешіктірмей сол жерде жөндеп жіберуге күш салады екен. Ал ақау күрделі болса, вагонды ауыстырып, ақауын жөндеуге жіберіледі. Орташа есеппен деподан 3500-ден астам вагон ағытылып, жөнделіп, қайта жолға шығады екен. Станцияда вагон қараушылардың кезекті ауысымы жүк пойызының қызып кеткен төңгелегін КТСМ аппараты арқылы тексеріп, бұраңдаларын қайта бекітіп, сапарға шығарып салды. Бір сағаттан кейін түнгі ауысым басталады екен. Қысқасы, деподағы дамылсыз еңбек тәулік бойы жалғаса бермек.

Суретті түсірген автор

ТЕХНОЛОГИИ

ГРУЗЫ ДОСТАВЛЯЮТ В СОХРАННОСТИ

С 2020 года в АО «НК «ҚТЖ» начнется опытная эксплуатация интеллектуальной системы электронного пломбирования грузов «БигЛок» в рамках проекта «Охранный поезд».

Любовь РОВБА

«Охранный поезд» – совместный проект России, Казахстана и Беларуси, главной целью которого является обеспечение гарантированной сохранности перевозимых грузов на территориях стран-транзитеров единого экономического торгового пути между Азией и Европой.

– Он направлен в первую очередь на то, чтобы удовлетворить потребности пользователей услуг железнодорожного транспорта. Сегодня клиентам важна не только конкурентоспособная стоимость перевозки, но и сохранность груза, – уверен исполняющий обязанности первого заместителя председателя правления АО «НК «ҚТЖ» Канат Альмагамбетов. – Благодаря внедрению цифровых технологий и улучшению сервиса у нас наблюдается рост объемов перевозок. Так, в прошлом году он достиг 43%. За 8 месяцев текущего года только в направлении Европа – Китай – Европа объемы перевозок увеличились на 31%, а по другим направлениям – почти на 50%.

Интеллектуальная система «БигЛок» производства группы компаний «Страж» включает в себя электронное пломбировочное устройство «Сириус» наземного базирования с многоуровневым трасовым контролем вскрытия. Электронная пломба, разработанная шесть лет назад взамен механических, промаркирована индивидуальным

кодом и навешивается на вертикальные штанги контейнера. Благодаря нескольким спутниковым каналам на основе технологии «Глонасс» в процессе движения в личный кабинет системы передаются координаты объекта, температура воздуха и скорость движения в режиме «онлайн», а также сигнал тревоги в случае взлома или попытки вскрытия вагона.

– Она позволяет сделать процесс перевозок прозрачным для всех участников, контролировать местонахождение грузов, его состояние в коммерческом смысле. Надеемся, что система позволит полностью исключить случаи воровства, изменить технологию работы таможенных органов, ускорить продвижение товаропотока, что принесет странам дополнительный доход, – поделился заместителем начальника департамента электронной техники и технологий ИПК «Страж» Дмитрий Андрушин.

В настоящее время опытный поезд, оборудованный системой «БигЛок», курсирует между Россией и Беларусью. Готовится пилотный проект использования системы на контейнерных поездах с товарами, следующих из Китая в Европу и обратно.

– Мы со своей стороны активно прорабатываем вопрос присоединения к пилотной программе казахстанских железных дорог в начале следующего года, – поделился в кулуарах заседания Координационного совета по Трансевразийским перевозкам Канат Альмагамбетов. – Важно, чтобы это была универсальная электронная пломба, которая удовлетворит бы потребности клиентов и тех, кто контролирует процесс перевозки: пограничные службы, госорганы, а также представители АО «ВЖД», которые будут сопровождать грузы.



В свою очередь, Дмитрий Андрушин заверил, что система «БигЛок» абсолютно универсальна, и ее можно применять везде.

– Мы проводили эксперименты на севере с нефтяниками, а также в мультимодальных перевозках – по морю, автомобильным и железным дорогам, в том числе с участием казахстанской стороны, где она себя отлично зарекомендовала. За время эксплуатации системы опломбировано более 28 тысяч вагонов, контейнеров и автофургонов и пресечено более полусотни попыток хищения грузов. Сейчас электронная пломба успешно используется в проекте «ЭРА Глонасс-Транзит», – сообщил он.

БЕЗОПАСНОСТЬ

МИНИМИЗИРОВАТЬ РИСКИ

Одной из приоритетных задач Карагандинской дистанции сигнализации и связи является производственная безопасность.

Светлана МОГАЙ, Караганда

Работа сотрудников дистанции заключается в проведении корректирующих мероприятий, связанных с недопущением нарушения охраны труда. Специалисты структурных подразделений НЖС и отделения ГП участвуют в расследованиях аварий, крушений, событий, инцидентов. При этом осуществляется подробный сбор информации.

– Последний случай зафиксирован на станции Жанаулы, когда произошло, соударение двух грузовых поездов. К счастью, обошлось без жертв, – рассказывает ведущий инженер службы

безопасности и охраны труда Сергей Степанов. – После ЧП был проведен тщательный анализ и сбор информации, связанной с нарушением трудовых обязательств механика. Разбор производился согласно специально разработанному стандарту, связанному с расследованием подобных случаев.

